

[https://doi.org/10.51885/3134-8041\\_IACS\\_2026\\_1\\_7](https://doi.org/10.51885/3134-8041_IACS_2026_1_7)

XFTAP 67.07.01

## 1965-1985 ЖЫЛДАРДА АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ (АҚМОЛА) ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТАРИХИ ДАМУЫ

### ИСТОРИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ОБЪЕКТОВ СОЦИАЛЬНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ ГОРОДА АСТАНЫ (АКМОЛЫ) В 1965-1985 гг.

### HISTORICAL DEVELOPMENT OF SOCIAL INFRASTRUCTURE FACILITIES OF THE CITY OF ASTANA (AKMOLA) IN 1965-1985

Д.Е. Сарсембаева \*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

\*Жауапты автор: Сарсембаева Динара Ержановна, e-mail: dinara5431@mail.ru

#### Түйінді сөздер:

қоғамдық орталықтар,  
қызмет көрсету жүйесі,  
жоспарлау құрылымы,  
әлеуметтік  
инфрақұрылым  
объектілері, әкімшілік  
ғимарат, аумақ, ірі  
магистральдар,  
мекемелердің  
қолжетімділігі.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Астанадағы әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының тарихи дамуы қарастырылған. Зерттеу қызмет көрсету мекемелерінің қалыптасуының негізгі сәттерін сараптау болып табылады. Қала орталығы қоғамдық ғимараттармен толықтырылды, қаланың ерекше сәулеттік келбетін жасауға әсер етті. Қала ғимараттардың ерекшелігі олардың негізгі көшелерге бағытталғандығы болып табылады, тұрғындар үшін қалалық кеңістікті құруға мүмкіндік берді. Зерттеуде нысандардың 1965-85 жылдардағы ықшам қаладағы орналасуы талданады. Ол сонымен қатар қала тұрғындарының жаяу жүргіншілер қозғалысын жеңілдететін қалалық кеңістіктерді зерттейді. Қала аумақтары арасындағы байланысты жақсартты және басқа бөліктеріндегі тұрғындар үшін мекемелердің қолжетімділігін арттырды. Жұмыс 1965-1985 жылдар аралығында қала орталығында салынған әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын көрсетеді. Қоғамдық орталықты құруға назар аудару қаланың ішінде әкімшілік және мәдени нысандарды шоғырландыруға мүмкіндік берді. Жоспарлау құрылымы аясында қала орталығы пайдалануға арналған ірі нысандармен толықтырылды. Шаралар тарихи орталықтың сәулеттік келбетін жақсартып, оған үйлесімді дизайн берді. Осы ерекшеліктерді қарастыру қазіргі заманғы қалалық қызмет көрсету құрылымында объектілерді орналастырудың өзектілігін көрсетеді.

#### Ключевые слова:

общественные  
центры, система  
обслуживания,  
планировочная структура,  
объекты социальной  
инфраструктуры,

#### АННОТАЦИЯ

В статье изучается историческое развитие объектов социальной инфраструктуры города Астаны. Исследование представляет собой рассмотрение основных моментов формирования учреждений обслуживания. Общегородской центр был дополнен общественными зданиями, которые повлияли на создание выразительного архитектурного облика города. Характерная особенность данных



© 2026 Д.Е. Сарсембаева

Бұл жұмыс Creative Commons Attribution 4.0 халықаралық лицензиясы  
(CC BY 4.0) бойынша таратылады.

<https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/>

административное здание, территория, главные магистрали, доступность учреждений.

зданий в ориентации на главные улицы, что позволило создать городские пространства для населения. В исследовании приводится анализ расположения данных объектов в условиях компактного города 1965-85 гг. Также изучаются городские пространства, в которых были созданы условия для пешеходного передвижения населения города. Это улучшало связь территорий города и повышало доступность учреждений для населения в других частях города. В работе отражены построенные объекты социальной инфраструктуры общегородского центра в 1965-85 гг. Внимание к созданию общественного центра позволило сосредоточить объекты административного и культурного назначения на территории развивающегося города. В планировочной структуре города общегородской центр дополнился крупными объектами социальной инфраструктуры. Данные меры улучшили архитектурный облик исторического центра и придали ему гармоничность решения. Рассмотрение данных особенностей выявляет актуальность размещения объектов в структуре современного городского обслуживания.

---

**Keywords:**

community centers, service system, planning structure, social infrastructure facilities, administrative building, territory, main highways, accessibility of institutions.

---

**ABSTRACT**

This article examines the historical development of social infrastructure facilities in Astana. The study examines key aspects of the formation of service facilities. The city center was supplemented by public buildings, which influenced the creation of the city's distinctive architectural appearance. A characteristic feature of these buildings is their orientation toward main streets, which allowed for the creation of urban spaces for the population. The study analyzes the location of these facilities in the compact city of 1965-85. It also examines urban spaces that facilitated pedestrian movement among the city's population. This improved the connection between city territories and increased the accessibility of facilities for residents in other parts of the city. The work reflects the social infrastructure facilities constructed within the city center between 1965 and 1985. The attention paid to the creation of the public center allowed for the concentration of administrative and cultural facilities within the developing city. As part of the city's planning structure, the city center was supplemented with major social infrastructure facilities. These measures improved the architectural appearance of the historic center and gave it a harmonious design. Consideration of these features reveals the relevance of the placement of facilities in the structure of modern urban services.

---

**КІРІСПЕ**

Астана аумағы ұзақ тарихи кезеңде дамып келеді. Ең маңызды кезеңдердің бірі 1965-85 жылдары. Қала құрылысы жүйесі үшін қаланың тарихи бөлігінде қоғамдық ғимараттар салудың маңызы зор болды. Қаланың сәулет ансамбльдерін құруға көңіл бөлу басты мәселе болды. Әлеуметтік инфрақұрылым нысандары осы аспектілерді ескере отырып салынған ғимараттар болды. Мұнда қоғамдық ғимараттардың қаланың жоспарлау құрылымында орналасуы өте маңызды. Қаланың аумақтық өсуі шағын аудандардың дамуына әсер етті.

Зерттеуде 1965-1985 жылдардағы қала аумағын қарастырады, ол жылдары қолданыстағы жоспарлау құрылымын жақсартуға көңіл бөлумен сипатталады. Қала құрылымына «Жастар» сарайының алдындағы алаң және тарихи орталық кіреді. Қарастырылған аумақтағы ғимараттарға «Жастар» сарайы, «Турист» қонақ үйі, «Ишим» қонақ үйі, Орталық әмбебап дүкені жатады.

1965-85 жылдардағы қала құрылысы құрылымында нысандардың қалыптастыруы маңызы зор болды. Нысандар қоғамдық кеңістіктерді сәулеттік жоспарлауға әсер етті. «Целингипросельхоз» жобалау институтының 16 қабатты ғимараты мен Жастар сарайы (қазіргі «Жастар») қаланың орталық бөлігінің келбетіне көрік беріп тұрды. Жұмыста әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының тарихи мысалдарын қарастырған жөн. Қала ішінде мекемелердің орналасуы қала аумағына қатысты қарастырылады.

Ұсынылған жұмыстың өзектілігі қаланың жоспарлау құрылымында әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының қалыптасуының құнды тарихи мысалдарын қарастыруда.

Ұсынылған зерттеудің мақсаты 1965-1985 жылдар аралығындағы Астана қаласының әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының тарихи дамуын зерттеу және талдау болып табылады.

Осы мақсатта жалпықалалық тарихи даму орталығы қарастырылды. Жұмыс қала ішінде қызмет көрсету жүйесін дамытудың бағыттарын айқындайды. Ұсынылған зерттеудің жаңалығы 1965 жылдан 1985 жылға дейін қаланың жоспарлау құрылымындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін сараптауында. 1960 жылы қала халқы 129 000 адамды құрады, саны 1980 жылға қарай өсті. Халық санының үздіксіз өсуі мәдениет, спорт және демалыс нысандарын жобалау қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеудің мақсаттары:

- тарихи дамуды қарастыру;
- қаланың жоспарлау құрылымындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін зерделеу;

- нысандарды қала орталығына қатысты орналастыруды зерделеу;

- әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін орналастыру критерийлерін анықтау.

Қаладағы әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының қалыптасу тарихы отандық ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған (Kornilova, Khorovetskaya, Sarsembayeva et al., 2019; Глаудинов Б.А., 1999.). Қаланың әлеуметтік-мәдени функциялары мен қоршаған ортасы Коган Л.Б. жұмысында қарастырылған (Коган Л.Б., 1982). Қалалық аумақтың дамуының тарихи ерекшеліктері Чекаев Ф.М. еңбектерінде көрсетілген (Чекаев, 2009).

Қаланың жоспарлау құрылымындағы қоғамдық орталықтардың дамуы және осы жоспарлау құрылымының эволюциясы Солтүстік Қазақстандағы қалалардың дамуын зерттеуде берілген (Тоскина, 2002). Мақалада ішкі және халықаралық қалалардағы әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың алғышарттары қарастырылған (Каракова Т.В., Сарсембаева Д.Е., 2018 ж.).

Қала аудандарының кеңістіктік дамуы бойынша жұмыстар қарастырылды (Deniz Avcı-Hosanlı, Cansu Degirmencioglu, 2024; Yixing Duan, Da Lu, Lanchun Bian, 2024).

Кеңістіктік даму мәселелері сәулет ескерткіштерінің мысалдары арқылы қарастырылады (Құспанғалиев, Самойлов, Приемец, 2024). Қалалық ортадағы сәулеттік дизайнның ерекшелігі бойынша жұмыстар қарастырылды (Тұяқбаева А.Қ., Данибекова Е.Т., Абдрасилова Г.С., Онищенко Ю.В., 2023).

Жұмыста Қазақстан қалаларының сәулеттік-жоспарлау трансформациясының тенденциялары (Астананы мысалға ала отырып) бойынша жұмыстар қарастырылған (Абилов А.Ж., 2016).

Шетелдік авторлардың қала көшелерінің кеңістіктік жоспарлауына арналған еңбектерінде әлеуметтік қажеттіліктерді ескеретін мәселелер қарастырылады (Lian, H., Li, G., 2023; H. Lian, X. Li, W. Zhou et al. (2025).

Тұрғындардың мүдделерін сақтай отырып, қаланы дамыту әлеуеті және жаяу жүргіншілер кеңістігінің маңыздылығы Ян Гейл кітабында талқыланады. Қаладағы жаяу жүргіншілер қозғалысының маңыздылығы, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерге арналған кеңістіктерді түрлендіру арқылы көрінеді (Ян Гейл, 2012).

Астана халқының өсімі туралы деректер зерттелді (Жаркенова, А.М., 2018 ж.). Зерттеу барысында қаланың функционалды аймақтарын анықтайтын 1960 жылдардағы бас жоспарлар қарастырылды. Жұмыс барысында әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын орналастырудың тарихи ерекшеліктері анықталды.

### **ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӨДІСТЕРІ**

Мақаланы дайындау кезінде Астана қаласының (Ақмола) әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының тарихи дамуын талдауды қамтыды.

Мақалада қаланың тарихи ғимараттарын аралауды қамтитын далалық зерттеу әдісі қолданылды. Зерттеу Астананың тарихи орталығындағы әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына арналды. Нысандардың орналасуының мәні қалалық құрылымда көрінеді. Қала аумағының дамуы қаланың қоғамдық орталығын жақсартуға мүмкіндік берді. Мақаланы дайындау кезінде тарихи қоғамдық ғимараттарға талдау жүргізілді. Тарихи нысандарды көрсету үшін автор фотосуреттер түсірді.

Тарихи орталық әкімшілік, коммерциялық және мәдени мақсаттарға арналған қоғамдық ғимараттарды қамтиды. Тарихи ғимараттардың сараптамасы бас жоспарлардың маңыздылығын растады.

Қала аумағын функционалды аймақтарға бөлуді ескере отырып, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының құрылысына сараптама жүргізуге мүмкіндік берді. Әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын зерттеу отандық және халықаралық ғалымдардың еңбектеріне шолуды қамтыды.

Салыстырмалы талдау нәтижесінде қаладағы 1965-85 жылдардағы әкімшілік-мәдени нысандардың орналасуы анықталды. Жұмыста қоғамдық ғимараттар құрылысының қалалық құрылымға әсері зерттелді.

Тарихи ғимараттарды сараптау мәліметтерді қорытындылар мен әлеуметтік инфрақұрылым нысандары бойынша ұсыныстарға біріктірудің маңыздылығын көрсетті.

### **НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ**

Солтүстік Қазақстандағы әлеуметтік инфрақұрылым қалалардың тұрақты өсуі жағдайында дамуын жалғастырды. 1970-1980 жылдары ауыл мен қаланың көріктендіру арасындағы алшақтықты азайту және кешенді дамыту қажеттілігі басымдыққа ие болды. Құрылыста темірбетон конструкциялары, панельді үйлер, блокты үйлер көбірек қолданыла бастады. Қайта құру өнеркәсіпті де, ауыл шаруашылығын да қамтыды, ол технологиялық жетістіктер мен өнімділіктің артуына байланысты болды. Осы шаралардың арқасында Қазақстанда өнеркәсіп өнімінің өсімі жетінші бесжылдықтағы 48%-дан тоғызыншы бесжылдықтағы 76 %-ға дейін өсті.

Бас жоспарларды әзірлеу әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін қаланың жоспарлау құрылымына орналастыруға әсер етті. 1957 жылы «Казгипрогорсельстрой» институты (бас сәулетшісі Е. Дятлов) қаланың бас жоспарын жасап, қала кварталдарын үлкейтіп, көше-жол желілерін жақсартты. Желді және санитарлық-гигиеналық талаптарды ескере отырып, «Қазақсельмаш» зауытынан, насос зауытынан, газ жабдықтары зауытынан басқа, темір жолдан тысқары, өндірістік және қоймалық аймақта жұмыс орындары – зауыттар салу жоспарланды.

Осы жылдары әлеуметтік инфрақұрылым нысандары: Теміржолшылар қоғамдық орталығы (Қ.Байсейітова атындағы опера театры), «Ишим» қонақ үйі, Омарова көшесінің бойындағы әкімшілік ғимараттар салынды. Бас жоспардың тарихи-сәулеттік-анықтамалық жоспар бөлімінде Кенесары көшесі (алаңнан Қ. Мұңайтпасов атындағы стадионға дейін) және Ақжайық көшесінің бойындағы (Бейбітшілік көшесінен Сарыбұлақ бұлағына дейін) аталған мүліктер мен ғимараттар мемлекеттік қорғауға ұсынылды. Ол 1940 және 1950

жылдардағы Ақмоланың қалалық ортасының ерекше келбетін сақтау үшін жаңа даму құрылымына қасиеттерді енгізуді көздеді.

1961 жылы Ақмола Целиноград болып өзгертілді. 1961 жылы Целиноград қаласына облыстың жер өңдеу астанасы мәртебесі берілуімен жобалық-құрылыс жұмыстары белсенді түрде басталды. 1963 жылы Бас жоспарды сәулетші Г. Гладштейннің жетекшілігімен «Ленгорстройпроект» шығармашылық ұжымы әзірледі. В. Шквариков ғылыми жетекші болды.

Қаланың аумақтық дамуы 1930 жылдардағы Н.Милютиннің ағынды-функционалдық жоспарлау схемасына негізделді. Схема қала аумағын параллельді функционалдық аймақтарға бөлуді көздеді:

- 1) өндірістік, қоймалық және коммуналдық аймақ;
- 2) темір жолдар;
- 3) тұрғын үй аймағы;
- 4) саябақ және рекреациялық аймақ;
- 5) қала маңындағы ауыл шаруашылығы аймағы.

Схемада темір жол бойындағы өндірістік аймақтың орналасуын анықтайтын ауданның жер бедері, гидрографиясы, табиғи-климаттық ерекшеліктері ескерілді. Елді мекендер өзеннен саябақтар белдеуі арқылы бөлініп, Сол жағалау ауылшаруашылық аймағы ретінде жоспарланған.

Бас жоспарларды құру функционалдық аймақтарды дамытуды және кварталға бөлуді біріктірді. Бас жоспарды әзірлеудің кешенді тәсілін әзірлеу қаланың орталық көшелерінің бойындағы қоғамдық ғимараттарды жобалауды жеңілдетті. Қала орталығындағы әкімшілік және мәдени мекемелер 1965-1985 жылдар аралығында салынды. Нысандардың мұндай орналасуы тұрғындардың ғимараттарды пайдалану жиілігімен анықталады. Ғимараттардың орналасуы халыққа қызмет көрсету саласындағы сапасына әсер етті. 1960 жылы қала халқының саны 129 000 болды (1-кесте). Елордалық халқы көп қалада объектілерді пайдалану жиілігіне қарай жобалау қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Елдегі қала халқы тоғызыншы бесжылдықта 54 %-ға дейін өсті, кеңестік интеллигенцияның саны артты, колхоз шаруаларының қоғамдық белсенділігі артты. Бұл кезеңде Екібастұз, Рудный, Лисаковск, т.б қалалар пайда болды.

Жергілікті шикізат негізінде өзара байланысты өндірістік кешендердің дамуы қаланың әлеуметтік инфрақұрылымы мен қоныстану үлгілерінің қалыптасуына әсер етті. 1920-1980 жылдар аралығында Павлодар-Екібастұз аумақтық өндірістік кешені деген атпен белгілі, оның ықпал ету аймағында қалалар мен ауылдар бар өнеркәсіп орталығы құрылды. Арқалық қаласы түсті металдар төңірегінде дамыса, Рудный, Лисаковск және басқа да қара металдар өндірді. Степногорск қаласы ғылыми-өндірістік орталық ретінде дамыды.

1965-1985 жылдар Ақмола (Астана) қаласының сәулеттік дамуымен және қала алаңдарын құрумен байланысты болды. Кезеңге тән қасиет қалалардың тарихи орталықтарында ірі қалалық ансамбльдердің құрылуы сияқты қала құрылысы қызметі болды. Санкт-Петербургтің үш алаң негізделген дизайн принциптерін қолдану қоғамдық ғимараттар мен алаңдарды тұрғындардың өміріне органикалық түрде біріктіруге мүмкіндік берді. Тарихи орталықта әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының салынуы қалалық қызмет көрсету мекемелерінің дамуын қалыптастырды.

Зерттелетін кезеңде Ақмола (Астана) қаласында үш алаң принциптерін пайдаланатын біртұтас сәулеттік ансамбльге қол жеткізілді. Ол жүйе үздіксіз жалғанған алаңдар мен жасыл жаяу жүргіншілер аймақтары бар қаланың жаңа көрінісін көздеді. Ескі орталықтағы алаң бірдей көлемдегі ғимараттармен аяқталды, «Жастар» сарайының алдындағы алаң орталық даңғылдың (Республика даңғылы) іргетасында, ал Кеңестер

сарайының артында қоғамдық бақ салынды. Қарастырылған кезең үш деңгейлі сервистік жүйе шеңберінде тарихи орталық көрнекті болып табылатын әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының құрылысымен сипатталады.

Қаланың әкімшілік орталығын 1970-1980 жылдары Целингорсельпроект жобалаушылары (В.Тоскин, Е. Мержиевский, Е. Карпенко) мұқият жобалаған. Алаң бір қабатты жасыл сауда аркадаларының орталық әмбебап дүкен ғимаратына ауыстырылуымен және «Целингипросельхоз» жобалау институтына 16 қабатты ғимараттың қосылуымен үйлесімді келбетке ие болды. В.И. Ленин ескерткіші ғимаратының алдына қойылды.

Алаң үш бөлікке бөлінді: Целинников сарайының алдындағы көлік қозғалысы үшін Кенесары Қасымов көшесіне апаратын жері; демалу үшін субұрқақтармен және орындықтармен абаттандырылған орталық әмбебап дүкен ғимаратының алдындағы жері; Кеңестер үйі мен қонақ үй арасындағы іс-шараларға арналған кеңістік. «Ишим» қонақ үйі де алаңға сән-салтанат қосты.

1960 жылдары үйлердің құрылысы әдеттегі бес қабатты сыртқы көрініспен сипатталды. 1970 жылдары қаңқалы тұрғын үй құрылысының дамуы арқасында 8-12 қабатты үйлер тұрғызылып, үйлер арасында басым сипатқа ие болды.

Көрнекті, мәнерлі әлеуметтік инфрақұрылым нысандары салынды: Жастар сарайы (сәулетші А. Полянский), Салтанат сарайы (В. Драгун, В. Тоскин, Е. Погуца), Пионерлер сарайы (В. Тоскин, В. Корнилов, Е. Погуца, В. Гладких), «Турист» қонақ үйі (В. Тоскин, В. Корнилов, Е. Погуца, А. Башимов), «Целингипросельхоз» ғимараты (В.Ф. Тоскин, В.С. Драгун, В.И. Корнилов, В.И. Ульянов), Целиноград ауыл шаруашылығы институтының әкімшілік-зертханалық корпусы, иіру және жіп фабрикасы (1-сурет).



**1-сурет.** Астана қаласының тарихи алаңы, «Жастар» сарайы ғимараты  
*Ескерту – фотосуретте автор Сарсембаева Д.Е. 2024 ж. түсірген ғимараттардың заманауи көрінісі көрсетілген*

1965-1985 жылдар аралығында Жастар сарайы мен «Турист» қонақ үйдің салынуы қаланың үлкен магистралі бойындағы ауданның дамуына әсер етті. Әлеуметтік инфрақұрылым нысандары көпшілік демалу үшін қалалық кеңістіктің маңыздылығын

атап өтіп, алаңның өзегін құрады. Қала аумақты абаттандыру бес қабатты тұрғын үйлермен қатар үйлесімді шешім тудырды.

1965-1985 жылдар аралығында қала оңтүстік-шығыс бағытта дамыды. Алайда қызмет көрсету нысандары (спорт кешендері, театрлар, әмбебап дүкендер) әрбір шағын ауданда салынбаған. Мұңайтпасов пен Абылай хан көшелерінің арасындағы аумақта шағын аудандар салынды. Шағын аудандарда қала орталығынан алыс орналасқан оқу орындары (университеттер) орналасты.

#### 1-кесте. Астана қаласы халқының санының өзгеруі

Жыл	1954	1960	1989
Халқының саны, мың адам	77,0	129,0	281,0
<i>Ескерту – автор (Жаркенова А.М., 2018) негізінде құрастырған</i>			

Үш деңгейлі қызмет көрсету жүйесі қағидалары негізінде әлеуметтік инфрақұрылымның қалыптасуына келесі шаралар әсер етті:

- жекелеңдірілген шағын аудандарды дамыту;
- қызмет көрсету нысандарының құрылысы тек қала орталығында ғана жалғасты.

1970-1985 жылдар аралығындағы алаңдар мен көшелер ансамблін ұйымдастыру бойынша жобалық-құрылыс жұмыстары Солтүстік Қазақстан қалаларындағы орталық алаңдардың дизайнына әсер етіп, кең функциялы қоғамдық орталықтарды құрды. Әрбір шағын аудан жаңа функционалдық бағыттары бар (бөлшек сауда, спорт, мәдениет және медицина) ғимараттарды салу арқылы өзіндік ерекшелігін дамытты. Қала шекараларының аумақтық кеңеюі сонымен қатар қала орталығының қызмет көрсетушілерін шағын аудандардан бөліп, осы нысандарға бару уақытын көбейтті. Шағынаудандар ішінде шағын орталықтарды және кең ауқымды қызмет түрлерін ұсынатын шағын аудандардағы қоғамдық орталықтар керек болды. Сол кезде көптеген нысандар ірі магистральдар жанында салынды. Солтүстік Қазақстанның қала құрылысы құрылымы сызықтық үлгімен сипатталуын жалғастырды.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Қалалық аумақтарды қалыптастыру кезінде әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың тарихи тәжірибесін ескеру маңызды. Әлеуметтік инфрақұрылым нысандары қызмет көрсетіп қана қоймай, қаланың және оның кеңістігінің келбетін қалыптастырады.

1965-1985 жылдар аралығындағы қаланың әлеуметтік инфрақұрылымын зерттеу нәтижесінде ерекшеліктері анықталған:

- қала шекарасының айтарлықтай кеңеюі;
- қала халқының саны 129 000-нан 281 000 адамға өсті (Астана) (1-кесте);
- урбанизацияның өсуі;
- өндіріс көлемін ұлғайту;
- шағынаудандар құрылысында қоғамдық ғимараттарды көбейту;
- ірі қызмет көрсету мекемелерінің құрылысы қала орталығында дамуы.

Әлеуметтік инфрақұрылым бойынша орталық көшелерде құрылыс жұмыстары байқалды. Қаланың жоспарлау құрылымы оңтүстік-шығыс бағытта жаңа учаскелердің дамуымен кеңейтуге мүмкіндік берді. Қалалық орталықтың негізгі қызмет көрсету мекемелері шет шағын аудандардан алыс болды.

1965-1985 жылдар аралығындағы әлеуметтік инфрақұрылым сәулетінің дамуы тарихи оқиғалардың әсерінен мынадай сипаттамаларды дамытты: қаланы кварталдар мен шағын аудандарға бөлу қызмет көрсетудің деңгейлік жүйесінің принциптерін қолдануға

мүмкіндік берді; орталық алаңның дизайны қаланың ірі мекемелерін құрды. Қаланың қызмет көрсету жүйесі 129 000 халқы бар үлкен қала үшін дамыды. Кейіннен қала кеңейіп, халық саны көбейген сайын қала орталығындағы нысандардың маңызы арта түсті.

**МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫ:** Автор мүдделер қайшылығы жоқ екенін мәлімдейді.

**ҚАРЖЫЛАНДЫРУ:** Бұл зерттеу автордың жеке қаражатына жүргізілді.

**АЛҒЫС БІЛДІРУ:** Автор мақаланың сапасын арттыруға атсалысқан анонимді рецензенттерге алғысын білдіреді.

**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА:** Ғылыми мақаланың авторы өз еңбектерін дайындау барысында жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын әртүрлі кезеңдерде, соның ішінде мәтін жазу, редакциялау, фактілерді тексеру және деректерді талдау кезінде қолданбады.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Deniz Avci-Hosanli, Cansu Degirmencioglu.(2024). From "prototype" to model: Architectural and spatial development of Block A(1924-1945) of Istanbul's Heybeliada Sanatorium // *Frontiers of Architectural Research* 13, 1-20 (2024), DOI: <https://doi.org/10.1016/j.foar.2023.09.006>
- H. Lian, X. Li, W. Zhou et al. (2025) Pedestrian vitality characteristics in pedestrianized commercial streets-considering temporal, spatial, and built environment factors // *Frontiers of Architectural Research*,14, 630-653 (2025), DOI: <https://doi.org/10.1016/j.foar.2024.10.006>
- Kornilova A.A., Khorovetskaya Ye.M., Sarsembayeva D.Ye. et al. (2019). Territory Management: Urban Planning and Recreational Planning of Populated Areas in the Republic of Kazakhstan in the Second Half of the 20th Century // *Journal of Environmental Management and Tourism*, 10(6), 1295-1302 (2019), DOI: [https://doi.org/10.14505/jemt.v10.6\(38\).11](https://doi.org/10.14505/jemt.v10.6(38).11)
- Kuspangaliyev B.U., Samoilov K.I., O.N. Priemets.(2024). The spatial development of the Khoja Ahmed Yasawi complex in Turkestan features// *QazBSQA Хабаршысы. Сәулет және Құрылыс*. 2 (92)-С.122-135., <https://doi.org/10.51488/1680-080X/2024.2-09>
- Lian, H., Li, G., (2023). Correlation analysis of retail space and shopping behavior in a commercial street based on space syntax: a case of shijiazhuang, China // *Buildings* 13 (11), 2674,2-32 (2023), <https://doi.org/10.3390/buildings13112674>
- Yixing Duan, Da Lu, Lanchun Bian.(2024). New method of evaluating spatial quality for innovation districts: A case study of Haidian and Chaoyang districts, Beijing // *Frontiers of Architectural Research* 13, 1288-1307 (2024), DOI: <https://doi.org/10.1016/j.foar.2024.09.002>
- Абиллов А.Ж. (2016). Некоторые тенденции архитектурно-планировочной трансформации городов Казахстана в постсоветский период (на примере Астаны) // *Муниципалитет: экономика и управление*. № 1(14). С. 16–23. // Abilov A.Zh. (2016). Nekotorye tendentsii arkhitekturno-planirovochnoi transformatsii gorodov Kazakhstana v postsovetskii period (na primere Astany) [Some trends in architectural and planning transformation of cities of Kazakhstan in the post-Soviet period (case of Astana)] // *Municipalitet: ekonomika i upravlenie*. No. 1(14). Pp. 16–23. (In Russ.).
- Глаудинов Б.А. (1999). История архитектуры Казахстана. Алматы: КазГАСА, 295 с. // Glaudinov B.A. (1999). Istoriya arkhitektury Kazakhstana [History of Architecture of Kazakhstan]. Almaty: KazGASA, 295 p. (In Russ.).
- Жаркенова А.М. (2018). Полиэтнический состав населения Северного Казахстана в конце XIX – начале XXI вв.: исторические особенности, современные тенденции и перспективы // *Вестник Карагандинского университета*. № 4(92). С. 60–69. // Zharkenova A.M. (2018). Polietnicheskii sostav naseleniya Severnogo Kazakhstana v kontse XIX – nachale XXI vv.: istoricheskie osobennosti, sovremennye tendentsii i

- perspektivy [Polyethnic composition of the population of Northern Kazakhstan in the late 19th – early 21st centuries: historical features, current trends and prospects] // Vestnik Karagandinskogo universiteta. No. 4(92). Pp. 60–69. (In Russ.).
- Каракова Т.В., Сарсембаева Д.Е. (2018). Предпосылки в развитии социальной инфраструктуры отечественных и зарубежных городов // Постиндустриальная среда российских мегаполисов: сб. ст. Самара: СамГТУ. – С. 34–39. // Karakova T.V., Sarsembayeva D.E. (2018). Predposylki v razvitii sotsial'noi infrastruktury otechestvennykh i zarubezhnykh gorodov [Prerequisites for the development of social infrastructure of domestic and foreign cities] // Postindustrial'naya sreda rossiiskikh megapolisov: collection of papers. Samara: SamGTU. Pp. 34–39. (In Russ.).
- Коган Л.Б. (1982). Социально-культурные функции города и пространственная среда. Москва, 176 с. // Kogan L.B. (1982). Sotsial'no-kul'turnye funktsii goroda i prostranstvennaya sreda [Socio-cultural functions of the city and spatial environment]. Moscow, 176 p. (In Russ.).
- Тоскина В.В. (2002). Эволюция архитектурно-планировочной структуры: на примере Акмолинской области: автореферат дис. ... канд. техн. наук. Новосибирск, 28 с. // Toskina V.V. (2002). Evolyutsiya arkhitekturno-planirovochnoi struktury: na primere Akmolinskoi oblasti: abstract of PhD thesis [Evolution of architectural and planning structure: the case of Akmola region]. Novosibirsk, 28 p. (In Russ.).
- Туякаева А.К., Данибекова Э.Т., Абдрасилова Г.С., Онищенко Ю.В. (2023). Региональная идентичность в архитектуре жилой застройки 1930–1990-х гг. города Караганда // QazBSQA Хабаршысы. Сәулет. № 4(90). С. 62–76. // Tuyakaeva A.K., Danibekova E.T., Abdrasilova G.S., Onishchenko Yu.V. (2023). Regional'naya identichnost' v arkhitekture zhiloi zastroiki 1930–1990-kh gg. goroda Karaganda [Regional identity in residential architecture of Karaganda (1930s–1990s)] // QazBSQA Khabarshysy. Saulet. No. 4(90). Pp. 62–76. <https://doi.org/10.51488/1680-080X/2023.4-05> (In Russ.).
- Чекаев Ф.М. (2009). Истоки и эволюция архитектуры Астаны (Акмолы) 1830–1991 годов: автореферат дис. ... канд. архитектуры. Алматы, 30 с. // Chekaev F.M. (2009). Istoki i evolyutsiya arkhitektury Astany (Akmoly) 1830–1991 godov: abstract of PhD thesis [Origins and evolution of the architecture of Astana (Akmola), 1830–1991]. Almaty, 30 p. (In Russ.).
- Гейл Я. (2012). Города для людей. Москва: Крост, 276 с. // Gehl J. (2012). Goroda dlya lyudei [Cities for People]. Moscow: Krost, 276 p. (In Russ.).

**Автор туралы мәліметтер**  
**Информация об авторе**  
**Information about author**



**Сарсембаева Динара Ержановна** – «Сәулет» мамандығы бойынша PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан  
**Сарсембаева Динара Ержановна** – доктор PhD по специальности «Архитектура», Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан  
**Sarsembayeva Dinara Yerzhanovna** – Doctor PhD in the specialty «Architecture», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan  
e-mail: [dinara5431@mail.ru](mailto:dinara5431@mail.ru)  
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4558-0876>